



Шоқан Уәлиханов – қазақтың ғұлама ғалымы

*“Сүйінер ұлың болса-
сен де сүй,
Сүйінерге жарар ол”
(хакім Абай)*

Жоспары:

I. Кіріспе.

А) Ш.Уәлиханов – аққан жұлдыз.

II. Негізгі бөлім.

А) Ш.Уәлихановтың өнегелі өмірі мен

тағлымды қызметі.

Ә) Шоқан жайлы айтылған пікірлер

Б) “Ғалымның хаты өлмес...”
немесе

Ш.Уәлихановтың бай мұрасы

III. Қорытынды





Қазақтың
маңдайына біткен
шоқтығы биік асыл
тұлға, өмірінің
қысқа ғана
мерзімінде артына
өшпес мұра
қалдырған – Шоқан
(Мұхамед-
Ханафия)
Шыңғысұлы
Уәлиханов бүгінгі
жас ұрпаққа зор
үлгі.

Ш.Уәлихановтың өнегелі өмірі мен тағлымды қызметі

Шоқан Уәлиханов – 1835 жылдың қараша айында қазіргі Қостанай облысының Құсмұрын бекетінде атақты аға сұлтан Шыңғыс Уәлиханов отбасында дүниеге келген. Бұл деректің растығын КСРО Сыртқы істер министрлігінің мұрағатындағы Шоқан Уәлихановтың қызметі жөніндегі формулярлық тізім дәлелдейді.

Шоқанның балалық шағы Сырымбет тауының баурайында, туған елі Көкшетауда өткен. Шоқан әжесі Айғанымның тәрбиесінде болған. 1847 жылы 12 жасар Шоқанды әкесі сол кездегі ең таңдаулы оқу орны болып есептелген Сібір кадеті корпусына оқуға орналастырады. Шоқанның бүкіл келешегі мен ғылым, өнер жолындағы талантын ашуда бұл оқу орнының маңызы ерекше болды. Мұнда жабық әскери оқу орны болғанымен, көптеген пәндер әскери сабақтарға қоса орыс, батыс әдебиеті, географиясы мен тарихы, философия, физика, математика негіздері, шетел тілдері оқытылып, орыстың озық ойлы интеллигенттерінің өкілдері сабақ берген. Оқытушылар құрамында білімді және прогресшіл ой-пікірлі адамдар көп болған.

*Әжесі бала күнінде «Шоқаным» деп
еркелетіп айтуымен «Шоқан» аталып
кеткен.*







Шоқан Уәлиханов.




В. В. Крестовский.

А. Н. Майков.




Н. Г. Чернышевский.




Шоқан Уәлиханов достарымен бірге

Ш.Уәлихановтың жақын досы Потанин және орыс ғалымдары



Я. П. Полонский.



Н. М. Ядринцев.



Г. Н. Потанин.

Қазақ музыканттары. Бақысы —
қобызшы.



Шоқан жайлы ой-пікірлер:

Н.И.Веселовский :

«...Шоқан Уалиханов шығыстану әлемінің үстінен құйрықты жұлдыздай жарқ ете қалды. Орыстың Шығысты зерттеуші ғалымдарының бәрі де ерекше бір құбылыс деп танып, одан түрік халықтарының дағдыры туралы ұлы және маңызды жаңалықтар ашуды күткен еді. Бірақ Шоқанның мезгілсіз өлімі біздің бұл үмітімізді үзіп кетті»

Кадет корпусында
бірге оқыған досы,
этнограф-ғалым **Т.Н.
Потанин:**

"Корпуста ой-өрісі,
білімі жағынан Шоқан
тез өсті, орыс
жолдастарын басып
озып отырды. Оған
талайлар-ақ, назар
аударды. Ол сондай
қабілетті еді, өзінен екі
жас үлкендердің
класындағыларды да
білім, идея жағынан
басып озды"






П.П.Семенов-Тянь-Шанский:
«Ш.Уалиханов–ұлттық
аймақтардың ішінде ең оқыған,
білімді адамдардың бірі еді»

Н. М. Ядринцев

«Шоқан өз халқын сүюден
айныған жоқ. Оның арманы
–еуропалық ағартушылықты
және халықтық қасиетті сақтау
- деп жазды



- *1852 жылы Костылецкийдің көмегімен Шоқан көрнекті шығыс зерттеушісі, Петербург университетінің профессоры **Березин** танысады. Березин Шоқан жинаған қазақтың ауыз әдебиеті нұсқаларын, «Қозы Көрпеш Баян сұлу» жырын алған, ал өз тарапынан Шоқанды ескі жазу ескерткіштерін зерттеу ісіне тартқан. Березиннің тапсырмасы бойынша Тоқтамыс ханның «Жарлығына» талдау жасайды. Бұл оның алғашқы ғылыми еңбегі еді. Жастығына қарамай, оның білімдарлығын, әсіресе, шығыс әдебиеті мен тарихын жақсы білетіндігін сол кездегі орыс ғалымдары да жоғары бағалап, мойындай бастаған болатын.*

A scenic landscape featuring a river winding through a lush green forest. In the background, there are mountains under a dramatic sunset sky with warm orange and yellow tones. The text is overlaid on this background.


Кадет корпусын бітіргеннен кейін, әуелі Сібір казактары әскері кавалерия полкының қызметінде, кейін Батыс Сібір генерал-губернаторында Шоқан өзінің негізгі арманын іске асыруға кіріседі. 1854-1857 жж. Шоқан Жетісу, Тарбағатай, Орталық Қазақстан, Қырғыстан жеріне саяхат жасайды, осы сапарларда ол көрнекті ғалым-географ П.П. Семенов-Тян-Шанскиймен бірге жүрді, ол Шоқанның қабілеттілігі мен біліміне ерекше назар аударады, және оның ғылыми еңбектерін жоғары бағалады.



Уәлиханов
(солдан) пен
Достоевский
(оңнан) 1858
жылда

- 1855 жылы Ұлы жүзді Қоқан хандығының ықпалынан шығарып, Ресейге қосу бағытында жұмыс істеу үшін ұйымдастырылған экспедицияға қатысып, Семей, Аягөз, Қапал арқылы Іле Алатауына дейін келеді. Жоңғар қақпасына, Алакөл, Тарбағатайға саяхат жасайды. Осы сапарында қазақ, қырғыз, ауыз әдебиетінің үлгілерін, тарихы мен этнографиясының материалдарын жинап алады. Қазақ халқының тарихы мен әдет-ғұрып, діни ұғымдары жайында материал жинап қайтады. Бұл материалдар негізінде кейін ол «Тәңірі (кұдай)», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» деген еңбектер жазады. Бұл еңбегін жоғары бағалаған генерал Г.Х.Гасфорт оны наградаға ұсынады, әскери лауазымы бір сатыға жоғарылап, поручик атағын алады.

1852. 10. 10



Көкшетау және Құсмұрын округтері бекет жолдарының сұлбалық картасы.
 Акварель. 1852 ж. Ш.Уәлиханов

- 1858 — 1859 жылдары Шоқанның Қашғарияға сапары ғалымдық, ағартушылық саласындағы еңбегінің жаңа белеске көтерілуіне жол ашты. Қашқария ол кезде Ресей тарапынан зерттелмеген өлке болатын. Қоқан хандығының Қашқардағы консулы әрі саяси резидентінің көмегімен Қашқардың экономикалық саяси құрылымын зерттеп, бұл халықтың тарихы мен этнографиясынан көптеген материалдар жинайды. Қашқар сапарынан «Алтышаһардың, яғни Қытайдың Нан лу провинциясының шығыстағы алты қаласының жайы» атты еңбегі дүниеге келді. Бұл Шығыс Түркістан халықтарының тарихына, әлеуметтік құрылысына арналып, сол заман ғылымының биік деңгейінде жазылған әлемдегі тұңғыш зерттеу жұмысы еді. Ұзамай ол Германияда, Англияда жарияланады.

Шоқан Уәлиханов ерте жастан қазақтың халық поэзиясына қатты құмартып, оның классикалық үлгілерін жазып алып, ата-анасына оқып беріп жүрді. Бала кездің өзінде-ақ ол «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» және «Еркөкше» халық поэмаларының түрлі үлгілерін жазып алып, кейін оларды ұстазы Н. Ф. Костылецкийге табыс етті.

- **Шоқаннан қалған мұраның бірі бейнелеу өнеріндегі зерттеулері. Бұл еңбектер оның өнердің осы саласындағы қазақтың тұңғыш профессионал суретшісі болғанын дәлелдейді. Ол негізінен портрет, пейзаж және халықтың тұрмыс салтын бейнелеумен айналысқан. Одан 150—дей сурет қалған.**





- Шоқан 1865 жылдың сәуірінде қайтыс болады. Оның сүйегі [Алтынемел тауы](#)ның баурайындағы Көшентоған деген жерге қойылады.